Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 860 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 860 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат): көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 27-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек сату";

реттік нөмірі 31-1-жолдың 3-бағанындағы "этил спиртін сақтау және сату, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа), сақтау, көтерме және бөлшек саудада сату," деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген I-бөлімнің 14-тармағындағы "этил спиртін сақтау мен сату," деген сөздер алынып тасталсын.

2. *(Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.* N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 3-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

3. *Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы* N 733 *(ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

4 . *к ү ш і ж о й ы л д ы*

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 *(2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1127 *қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК